

ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЕБІНЕЙ БӨКЕТОВ

Кейкин Е.Қ., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Ебіней Бөкетовтің Қарағанды өңіріне келіп, қызмет атқаруына бірден-бір себепші ол – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді. Олардың арасындағы таныстық Алматы қаласында басталып, уақыт өте келе аға мен іні арасындағы шынайы бауырлық қарым-қатынасқа ұласты. Қаныштың бір жағында Шаһмардан Есенов, екінші жағында Ебіней жүргенде үшеуі алып таудай болып көрінеді деп замандастары еске алады. Себебі, үшеуінің де бойлары 1,90-нан жоғары екен. Тек қана бойлары ғана емес, Шаһмардан мен Ебінейдің ойларыда озық болды. Шаһмардан мен Ебіней – Қаныштың шәкірттері ғана емес, оның ғылыми мұрасын жалғаса лайықты ізбасарлары бола білді. Олар ұстаздарынан алған тағылымды өмірлерінің соңына дейін ардақ тұтып, адал қызмет етті. Осы екі қос бауыр шәкірті өзінің ізін басып, ғылымның биік шыңына шықты. Ғылым жолындағы ерен еңбектері мен адамгершілік болмыстары – олардың Қаныш Сәтбаевқа деген риясыз құрметі мен шексіз алғысының айғағы іспетті.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев — қазақ халқының мандайына біткен жарық жұлдызы еді. Ол — қазақ ғылымының шамын жаққан, тұтас ұлттың зияткерлік көкжиегін кеңейткен ұлы тұлға. Ғылым жолында тынбай еңбек етіп, елдің ертеңі үшін тер төккен Қаныш ағаның өмірі мен еңбегі бүгінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге. Саналы ғұмырын халқына арнаған асыл азаматтың дәм-тұзы 1964 жылы ақыры Мәскеу шаһарында таусылды. Сол бір қиын-қыстау сәтте оның қасынан бір елі ажырамаған, соңғы демі шыққанға дейін жанынан табылып, адал қызмет еткен шәкірттерінің бірі — Аяпберген Бөпежанов еді. Кейін ол Қаныш ағасына деген шексіз құрметі мен ықыласын тебірене еске алады:

«Ауруханада жатқан Қанекен бір сәт үнсіз отырып: "Шіркін, қымыз болар ма еді..." — деді. Даусында сағыныш пен мұң қатар өрілгендей болды. Желтоқсан айының қақаған аязында кімнің бие сауып отырғаны бар? Оның үстіне, Мәскеу секілді алып шаһарда шұбат не қымыз табу тіптен мүмкін емес.

Сол сәтте есіме Қарағанды маңында тұратын немере ағам Қабылбек түсті. Оның үйінде қысы-жазы қымыз үзілмейтін. Бірде Қанекен сол үйге қонаққа барып, Қабеңнің баптап ұстаған қымызын ерекше мақтап аттанғаны есімде. Ол сапарында Қаныш ағаның жанында өзінің жас шәкірті, болашағынан зор үміт күттіретін жас ғалым — Ебіней Бөкетов болған.

"Егер Алла тілеуімді берсе, бұл істі Ебінейге тапсырайын", — деген оймен қонақ үйге келе сала Ебінейге телефон соғып, мән-жайды бүге-шүгесіне дейін айтып бердім. Ол бірден іске кірісіп, Қабеңмен байланысып, Мәскеуге қымыз жеткізудің жолын тапты.

Евней қымыз жіберілген рейстің нөмірін де, ұшақ командирінің аты-жөнін де нақты айтып берді. Сөйтіп, он литр қымыз, қыстың көзі қырауда, Мәскеуге аман-есен жеткізілді. Қымызды рахаттана ішкен Қанекен күлімсіреп: "Қалайша тез табыла қалды?" - деп таң қалды.

Мен болған жайды толық айтып бердім. Сонда ағай: "Бұл - нағыз азаматтық!" — деп, қымыз ұйымдастырған Ебінейге, Қабылбекке және бүкіл іске атсалысқандарға шексіз алғысын білдірді...» [1].

Осы бір жан тебіренер естелік — ұлы ұстаз бен адал шәкірт арасындағы рухани байланыстың, бір-біріне деген шынайы құрметтің жарқын көрінісі. Ебіней Бөкетовтің Қаныш Сәтбаевқа деген ілтипаты, адалдығы, елгезектігі оның адамдық болмысын, азаматтық биігін көрсетеді.

Қаныштай жарық жұлдыз сөнугі мүмкін емес. Қаныш қайтқасын артында қалған замандастары, шәкірттері Қаныш туралы естеліктер жазып қалдырды. Ұстазына құрмет ретінде Ебіней Бөкетов «Сөнбес жұлдыз» атты керемет естелік лебізін арнады. Бұл естелігінде Қаныштың балалық шағын, адами болмысын, тау тұлғасын ашып көрсетті. Қанекен дүниеден өткесін, Ебінейге Қаныш туралы іргелі еңбек жазуды ол кісінің жары Таисия Алексеевна аманаттап тапсырды. Қаншама қыруар шаруасы бола тұра аманатты орындауға белсене кірісті. Бұл міндетті мойнына жүк қылып берген Қаныштың замандасы, әрі досы Ғабит Мүсірепов еді. Таисия Алексеевна ең алдымен Қаныш туралы еңбек жазуды Ғабитқа ұсынды. Ғабекен, - бұл үлкен жауапкершілік, мен оны көтере алмаймын, ең қиыны Қаныштың ғылымын түсіну маған ауыр, оған шамам жетпейді. Бұл жұмысты істей алатын бірден-бір адам ол Ебіней Бөкетов деді. Себебі, Ебіней әдебиет пен ғылымды қатар алып жүретін. Сол кездегі зиялы қауымға Ебіней тек қана тау-кен саласының маманы ғана емес, әдебиет сыншысы ретінде танылып үлгерген еді. Оның үстіне Қаныштың ғылымын жақсы түсіне алады. Осылайша Ебіней Бөкетов Қанышты зерттеуге белсене кірісті. Бірақ, өзінің Қарағанды ХМИ, жаңадан ашылған университет қабырғасындағы басшылық жұмыстары тыңғылықты ізденуге мұрша бермеді. 1980 жылы Медеу Сәрсекеңің «Қаныш Сәтбаев» деген роман-эссесі 100 мың данамен Мәскеуден басылып бірақ шықты. Оны шығару үшін автор қаншама тер төкті, талай сойқан қиындыққа тап болды. Осы кездері Ебінейдің де басына қара бұлт үйіріліп, қызметінен қудалап, жеке басына қысым жасалып жатқан еді. Медеу Сәрсекеңің ұсынысы бойынша Қаныш туралы зерттеуінде тек қана Қаныштың балалық шағына тоқталуды жөн көрді. Себебі, Медеу Сәрсеке Қаныш жөнінде толық зерттеп үлкен көлемді еңбекті жазып қойды.

Ебіней ең алдымен Қаныштың туған жері Баянауылға сапар шекті. Қанышты көрген көзтаныстарына жолықты, Қаныштың балалық шағы туралы ауызекі әңгімелерін жинады. Осылайша «Жас Қаныш» деген деректі хикаят дүниеге келді. Бірақ, Ебіней бұл еңбегін көзі тірісінде жарыққа шығара алмай кетті. Өзінің шәкірт інісі Медеу Сәрсеке аяқтап, Ебінейдің атынан баспаға ұсынды.

Ебіней Бөкетов Қаныш Сәтбаев туралы зерттеу жүргізу барысында, ұлы ғалымның өміріне қатысты көпшілік біле бермейтін тың деректерге жолығады. Солардың бірі – Қаныштың сүт анасы Құлжан ана туралы мәлімет. Бұл деректі Ебіней «Сөнбес жұлдыз» атты естелігінде жазады. Қаныш дүниеге келгенде оның кіндігін сол ауылдағы Құлжан есімді әйел кескен екен. Құлжан апасы Қанекенге тіпті жақын екен. Өйткені туған анасы, Қанекен дүниеге

келгенде қатты ауыршаң күйінде болса керек. Сондықтан кіндік-анасы, өзі де соның алдында нәрестелі (*баланың есімі – Сейітжан, - Е.К*) болған екен, бір емшегімен кіндік ұлын асырапты – дейді [2].

Иә, бұл естелікте айтылған Құлжан ана туралы бұрын-соңды еш жерде айтылмаған еді. Қаныш туралы роман-эссе жазған Медеу Сәрсеккеде бұл туралы жазбай кетіпті. Себебі, Медеу Сәрсекке Қаныштың күтушісі болған Мейіз анамызды сүт анасы қылып көрсеткен. Шындығында Мейіз Қанекеннің күтушісі, қамқоршы анасы іспетті болған. Ал сүт анасы Құлжан ана. Бұл туралы деректі маған нақтылап берген Мейіз ананың немересі Кенжебек Нұрланұлы болатын. Кенжебек ағай бұл күнде Екібастұз қаласында тұрады. Ал Құлжан ана Нұрлан Қасенұлының жұбайы Нағипаның шешесі, яғни Нұрланның қайын енесі. Қаныш туғанда кеудесін беретіндей Мейіз анамызда емізулі баласы да болмаған, ал Құлжан анамыздың сол кезде Сейітжан есімді баласы туып жатқан. Міне, егер Ебіней Бөкетов бұл туралы «Сөнбес жұлдыз» деген естелігінде жазбағанда біз мүлдем білмес едік.

Ебіней Бөкетовтің енді бір іс-әрекеті туралы белгілі ғалым, Мұса Шорманның ұрпағы, геология-минерология ғылымдарының докторы, ҚР минералды ресурстар Академиясының академигі - Бақыт Билялов былай еске алады: «1974 жылдың мамыр айының аяқ кезінде маған Ебіней Арыстанұлы телефон шалып, кабинетіне шақырды. Біраз әңгімелестік. Қаныштың әке-шешесінің зиратына барғысы келетінін айтты. Жазғы уақыттың бір күнін белгілеп, Баянауылдағы Теңдік ауылына баратын болдық. Мен Баянауылда Жасыбайда демалыста едім, сол жағынан Теңдікке жеттім. Ал Ебекең бастаған топ Қарағандыдан үш көлікпен келді. Топтың ішінде менің әкем Дінше мен Қабылбек ақсақал (*бұл кісі жоғарыда атап өткен Қабылбек болуы мүмкін – Е.К.*) және Қаныштың бірге ойнап өскен досы, совхоз директоры болған Жұмаш Шәдетов, химия-металлургия институтының директоры Абишев Жантөре Нұрланұлы, ҚарМУ-дың профессор ғалымдары Перевертун, Жуасов т.б. болды. Барлығымыз зират басына бардық. Қабылбек ақсақал құран оқыды» - дейді [3].

Осы сапарында Ебіней Арыстанұлы Қаныштың туған жері — Айрық қыстауындағы Имантай Сәтбаевтың үй орнының сызбасын жасап алады. Бала Қаныштың қандай үйде дүниеге келгенін, асыр салып ойнаған жерін көреді. Қаныштың қалыптасып өсуіне әсер еткен ортасын сезінеді. Қаныш Сәтбаев 1909-1911 жылдары өз ауылының іргесіндегі Сәдуақас Шормановтың салғызып берген заманауи орыс-қырғыз мектебінде оқыды. Осы мектепте ойы терең қалыптасып, әкесі Имантайдан алған тәрбие мен өнегені ғылым-білімге ұштастырып жетілдірді. Ебекең, Бала Қаныш, қалайша дана Қанышқа айналды деген сансыз сұраққа жауап іздеді. Адамның жетілуі білім арқылы келетіні белгілі. Сол себепті дәл ауылының іргесінен заманауи мектеп ашып берген Шорман әулетіне бас иді. Сол себепті, Ебекең Шорман ұрпағы Дінше ақсақал мен оның баласы Бахыт Биляловты қасынан қалдырмай Теңдік ауылына алып барды. Сол жерде жатқан Мұса Шорман, Сәдуақас Мұсаұлының, Біләл Мұсаұлының басына тәу етіп, оларға ізет көрсетті.

Төмендегі суретте Ебекең бастаған топ Мұса мырзаның басына барып құран бағыштауда. Ебіней Арыстанұлы басына тоқылған бас киім киіп, малдас құрап отыр.



Бұл мәліметті Бақыт Дінмұхамедұлы 2010 жылы шығарған «Қаржас шежіресі» атты кітабында жазып кетті. Осы жылдары шежіре түгендеп жүргенде Бақыт ағайдың өз аузынан естіген едім.

Ебіней Арыстанұлы ұстазының бар болмысын ашу үшін оны жан-жақты зерттеді. Тіпті Қаныштың ерекше болып қалыптасуына жұтқан ауасы, ішкен суы, сол ортада өсетін өсімдіктер де әсер етуі мүмкін шығар депте ойлапты. Ол туралы ҚарМУ-дың профессоры, әріптес ұстазымыз Ортай Абдрахмановтан жеткен мынадай естелік бар: «Ғылыми жұмыстардың тарихын жинақтаудағы құштарлығы Ебекеңнің бойынан ерекше көрінетін қасиет еді. Мұндай құштарлық қасиет ғылымның негізін қалаушылар Д.Менделеев, Ш.Уәлиханов, Қ.Сәтбаев сияқты ірі тұлға ғалымдардың өмірлерін зерттеуге арналған кезде туған болу керек. Ебекең Қ.Сәтбаевтың балалық шағын жазып жүрген кезде жас баланың табиғатқа деген көзқарасының қалыптасуына қандай заттар, табиғат ерекшелігі, онда өсетін өсімдіктер әсер етуі мүмкін - деген сұрақтарға жауап іздейтін. Жүгіріп жүрген балаға қандай өсімдіктер әсер етуі мүмкін деп сұраушы еді. «Вокруг света» журналының соңғы бетінде кейбір дәрілік, тамақтық, хош иісті және басқа көптеген қасиеттері бар жабайы өсетін біздің жақтарда кездесетін өсімдіктер туралы жиналған мақаласы бар папканы бергенім бар еді» [4].

Міне, қарап отырсаңыз, Ебіней Арыстанұлы Қаныштай ақылшы ұстазының бойына біткен жақсы қасиетті туған жерінде өсетін өсімдіктенде іздеп көрген екен. Ұстазының дара тұлғасын тереңінен танып-білу үшін, Ебіней

аға жан-жақты зерттеу жүргізуге барын салды. Соның нәтижесінде «Жас Қаныш» деген еңбегі мәңгілік ескерткіш болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б.Аяпбергенов., Қ.Исабаев. «Қаныш аға осындай еді...(естелік әңгіме)». Алматы: «Өлке» баспасы, 1999. – 124 б.
2. Қаныш аға: Естеліктер. Алматы: «Жазушы» 1989.- 400 б.
3. Біләлов Д.Ж., Билялов Б.Д. «Қаржас шежіресі». Қарағанды, 2010. – 520 б.
4. Кейкин Е.К. «Ұлағатты ұстаздың өнегелі өмірі». Қарағанды, 2021. – 284 б.

ОӘЖ: 001.89 + 81'27

ҒЫЛЫМҒА АДАЛДЫҚ, ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕБІНЕЙ ӘЛЕМІ

Қалиев Б.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Рамазанова Ж.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Әрбір адам өмірінде ерекше із қалдырған ұстаз немесе шабыт берген сәтпен кездеседі. Білім жолында адал еңбек етіп, ғылым мен руханиятты қатар ұстанған тұлғалар – ұрпақ үшін өнеге. Сондай жанның бірі – ғалым, қаламгер, ұстаз Ебіней Бөкетовтің өмір жолы, шығармашылық ізденісі мен ұстаздық шеберлігі – білім мен адамгершіліктің айқын көрінісі. Бұл мақалада біз Ебіней Бөкетовтің «Алты хат» деп аталатын ғұмырнаамалық деректі хикаятындағы ғалымның ұстаз ретіндегі алғашқы қадамы, ғылымға деген сүйіспеншілігі мен тілге құрметі туралы естеліктер негізінде қысқаша ой өрбітетін боламыз.

Ұстаз – жай ғана мамандық емес, бұл – жүрекпен сезінетін, жанмен атқаратын қасиетті міндет. Ал ұстаздық пен ғылымды жүрекпен ұштастыра білген тұлғалар санада мәңгі сақталады. Ебіней Бөкетов – сондай дара болмыс. Оның алғашқы мақаласына деген ерекше ықыласы, дәріс дайындаудағы табандылығы, тілге деген ілтипаты – бәрі де нағыз зиялының, ұлт жанашырының бейнесін аша түседі.

Әр адамның өмірінде ерекше есте қалатын, ұмытылмас сәттері болады. Олар сырт көзге елеусіз болғанымен, адамның ішкі дүниесінде айрықша орын алатын кезең. Осындай сәттің бірін автор өзінің ең алғашқы жарияланған ғылыми мақаласы арқылы сипаттайды.

«... Қазіргі уақытта, ардақты жазушы інім, менің ғылыми еңбектерімнің тізімін қарайтын болсаңыз, ең басында сол маңызы жұпыны ғана кішкентай мақаланың аты тұрады. Химиялық анализ әдісінің қазіргі деңгейінен қарасақ, бұл мақаланың, әрине, ешбір мәні жоқтығы ақиқат. Бірақ мен үшін осы мақаланың атының өзінде бір өзгеше жылылық бар. Жуырда бір көмекшім менің ғылыми еңбектерімнің тізімі үшін осы бір болмашы нәрсенің керегі не деген пікір айтты. Оқығанымнан, көргенімнен, білгенімнен ойлап, топшылап жаңа білім шығаруға қабілетім бар екенін осы кішкене мақала арқылы сезінгенімді, сондықтан осы мақаланың орны мен үшін кейін шыққан жуан кітаптардан анағұрлым артық екенін қайдан білсін...» [1, 93] деген үзіндіде ғалым өзінің ең алғашқы ғылыми еңбегіне деген ішкі құрметі мен шынайы эмоциясын жеткізеді. Осы шағын ғана үзіндіден:

1) Алғашқы қадамның құндылығы (Ғалым ең алғашқы мақаласын «маңызы жұпыны ғана» деп сипаттаса да, оның өз өміріндегі мәні зор екенін атап өтеді. Бұл – адамның еңбегі мен табандылығы арқылы өзіне сенімі нығайған сәті. Яғни адам үшін алғашқы жетістік – болашақ табыстың негізі. Ол кішігірім болса да, рухани тұрғыда зор маңызға ие);

2) Ішкі сезім мен сыртқы бағалаудың айырмашылығы (Ғалымның көмекшісі сол мақаланы «болмашы нәрсе» деп бағаласа да, автор үшін ол – үлкен шығармашылық жолының бастауы. Яғни басқа адам елемеген нәрсе біреудің өміріндегі үлкен белес болуы мүмкін. Ішкі құндылық – сыртқы пікірден маңыздырақ деген сөз);

3) Ғылымға адалдық пен шабыт көзі (Осы еңбегі арқылы жаңа білімге ұмтылу қабілетін алғаш рет сезінгенін жазады. Бұл оның ғылымға деген шынайы қызығушылығын көрсетеді. Яғни нағыз ғалым ғана өз бойынан жаңа білім тудыру мүмкіндігін алғаш байқаған сәтті өміріндегі ең қуанышты кезең деп есептейді);

4) Рухани құндылық пен кітаптан артық «мақала» (Осы мақаланың құны мен үшін кейін шыққан жуан кітаптардан да артық деп біледі ғалым. Бұл – рухани құндылық пен автор жолының бастауына деген шынайы ілтипат. Яғни шынайы құндылық – еңбектің көлемінде емес, оның өмірдегі орны мен мағынасында) деген бірнеше маңызды ой түюге болады.

Адамның алғашқы шығармашылық қадамы ол үшін өзгелер байқамайтын, бірақ өз тағдырында терең мәні бар ерекше сәт десек, бұл үзіндіден ғылымға деген адалдықты, еңбектің қадірі мен рухани асқақтықты анық байқаймыз.

Ал ұлы ғалымның мына төмендегі мәтіндегі айтқан ойлары бүгін де өз мәнін жойған жоқ деп есептейміз.

«... Әрбір істің, ардақты жазушы інім, басы қатты болса, аяғы тәтті болмақ деген қағида бар. Менің жаңа қызметім кейін жеңіл болды деп нықтап айта алмасам да, басында қиын болғанын жақсы білемін. Оқу ісін басқару деген не? Орта мектепте оқу бөлімінің меңгерушісі әрбір мұғалім өзіне тиісті сабағына үйретудің ғылыммен мұқият негізделген әдісін қолданғанын қарастырады. Бұл міндетті орындаудың өзі көп тәжірибе мен білімді қажет етсе де, жеңілдігі де бар ма деп ойлаймын. Өйткені адамзаттың орта мектеп педагогикасын тағайындаумен айналысқанына қанша заман өтті. Көптеген жеке адамды қоя тұрып, талай академия мен институттар балалардың жоғары оқу орнына жеткенше тәлім-тәрбие, оқу-білім алу жолдарын зерттеуде.

Ал жоғары оқу орнының педагогикасын алатын болсақ, бұл жөнінде ғылыми негізделген ешбір ереже жоқ. Жоғары оқу орындарының мұғалімдері бұл мәселемен тек кейінгі уақытта ғана айналысқан сияқты. Бұларға